


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(5)2024



ӘОЖ 902

**ТАЛДЫСАЙ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕНІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН
МУЗЕЙЛІК БАҒЫТТА ПАЙДАЛАНУ***Л.Ә. Сембинова*

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» (Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі уақытта тарихи-мәдени мұраға, оның ішінде рухани және материалдық құндылықтарға, тарихи-мәдени ескерткіштер мен елдің бірегейлігін сақтау мен дамыту үшін маңызы бар нысандарға қызығушылық артып келеді. Олардың ішінде мәдени мұраны пайдаланудан бастап оны дамытуға дейінгі мәселелерді шешуді талап ететін тарихи кешендер ерекше орын алады. Осыған байланысты қоғамның мәдени-рухани дамуында ескерткіштерді, әсіресе тарихи-мәдени кешендерді музейлендіру (музеефикация) жұмыстардың маңызы өте зор. Тарих және мәдениет ескерткіштері нысандарын музейлендіру арқылы оларды қорғау, пайдалану және сақтау мәселелері шешіледі.

Мақалада ғылыми зерттелген ескерткіштерді ендігі кезекте сақтау және оны туризм нышаны ретінде тиімді пайдалануды қажет ететін Талдысай тарихи-мәдени кешенін музейлік бағытта пайдалануына арналады. Осы орайда аталмыш тарихи-мәдени кешенді пайдалану жолдары көрсетіліп, ғалымдардың зерттеулері негізінде кешеннің әр кезең ескерткіштерінің маңыздылығы сипатталады. Автор мақала жазу барысында комплекстік кешеннің көптеген ескерткіштерін сақтау және пайдаланудан туындайтын болжамды нәтижелерін атап өтеді және де кешенді туристік нысан ретіндегі басқару жоспарын анықтайды. Сонымен қатра, автор Талдысай тарихи-мәдени кешенін құрастыратын көптеген ескерткіштердің ерешектерін айта отыра, жалпы тарихи ескерткіштің пайдалану кезінде өңірге келтіретін әлеуметтік-экономикалық әсерін және өнімді қырларын сипаттайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты архиві, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы қоры, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қоры, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві және ғылыми жарияланымдар.

Жұмыс барысында Талдысай тарихи-мәдени кешенін музейлік бағытта пайдаланудың классикалық әдіснамалық мүмкіндіктерінің кешені қолданылды. Солардың ішінде, эмпирикалық зерттеу әдістері арқылы архивтік деректер мен музейлік қорлардағы материалдар мен ғылыми есептерді зерделеу, ғылыми жариялымдарды пайдалану, деректер жинастыру арқылы кешеннің тарихи құндылығы анықталды. Өңірдегі музей қорларындағы кешенге қатысты табылған заттар мен өлкетанушылар жазбаларды зерделенеді. Тарихи салыстырмалы әдіс арқылы Талдысай кешенінде әлемдік тәжірибеде бар музейлік-туристік нысан ретінде пайдалану жолдары қарастырылды.

Тірек сөздер: кешен, археология, туризм, музей, ескерткіш

Сілтеме жасау үшін: Сембинова Л.Ә. Талдысай тарихи-мәдени кешені ескерткіштерін музейлік бағытта пайдалану // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5). 112-121 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.12

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПАМЯТНИКОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО КОМПЛЕКСА ТАЛДЫСАЙ В МУЗЕЙНОМ НАПРАВЛЕНИИ

Л.А. Сембинова

Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник «Улытау»
(Казахстан)

Аннотация. В настоящее время все более растет интерес к историко-культурному наследию, в том числе духовным и материальным ценностям, историко-культурным территориям и историческим памятникам и объектам, значимым для сохранения и развития самобытности страны. Особое место в их числе принадлежит историческим комплексам, которые требуют решения вопросов от использования наследия к его освоению. В этой связи в культурном, да и духовном развитии общества музеефикация памятников, тем более историко-культурных комплексов имеет важное значение. Именно посредством музеефикации памятников истории и культуры как одной из признанных форм решаются вопросы их охраны, использования и сохранения.

Статья посвящена использованию историко-культурного комплекса Талдысай в музейном направлении, что требует дальнейшего сохранения научно исследованных памятников и эффективного их использования в качестве объекта туризма. Показаны пути использования историко-культурного комплекса и на основе исследований ученых описывается значимость памятников каждого памятника комплекса. В ходе написания статьи приведены примерные результаты, вытекающие из сохранения и использования памятников комплекса, план управления как туристского объекта. Отражено социально-экономическое воздействие использования на регион.

Материалы и методы исследования: Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана, фонд Национального историко-культурного и природного музея-заповедника «Улытау», фонд Жезказганского историко-археологического музея, Государственный архив города Жезказган и научные публикации.

В ходе работы был использован комплекс классических методологических возможностей использования историко-культурного комплекса Талдысай в музейном направлении. Среди них, путем изучения архивных данных и материалов и отчетов из музейных фондов с помощью эмпирических методов исследования, использования научных публикаций, сбора данных была показана историческая ценность комплекса. Изучался находки и записи краеведов, относящиеся к комплексу, находящемуся в фондах музея региона. С помощью историко-сравнительного метода были рассмотрены пути использования комплекса Талдысай в качестве музейно-туристического объекта, имеющегося в мировой практике.

Ключевые слова: комплекс, археология, туризм, музей, памятник

Для цитирования: Использование памятников историко-культурного комплекса Талдысай в музейном направлении // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5). С. 112-121. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.12

THE USE OF THE MONUMENTS OF THE HISTORICAL AND CULTURAL COMPLEX TALDYSAY IN THE MUSEUM DIRECTION

L.A. Sembinova

National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve «Ulytau (Kazakhstan)

Abstract. Currently, there is an increasing interest in the historical and cultural heritage, including spiritual and material values, historical and cultural territories and historical monuments and objects that are significant for the preservation and development of the country's identity. A special place among them belongs to historical complexes, which require solving issues from the

use of heritage to its development. In this regard, in the cultural and spiritual development of society, the museumification of monuments, especially historical and cultural complexes, is important. It is through the museumification of historical and cultural monuments as one of the recognized forms that issues of their protection, use and preservation are resolved.

The article is devoted to the Taldysai archaeological complex, which now needs to preserve scientifically studied monuments and effectively use them as a symbol of Tourism. The ways of using the complex are shown, and on the basis of research by scientists, the importance of monuments of different periods of the complex is described. In the process of writing the article, the approximate results resulting from the preservation and use of the monuments of the complex, the management plan as a tourist object are given. The socio-economic impact of the use on the region is reflected.

Materials and methods of research: Archive of the A.H. Margulan Institute of Archaeology, the foundation of the National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve «Ulytau», the foundation of the Zhezkazgan Historical and Archeological Museum, the State Archive of the city of Zhezkazgan and scientific publications.

In the course of the work, a complex of classical methodological possibilities of using the Taldysai historical and cultural complex in the museum direction was used. Among them, by studying archival data and materials and reports from museum collections using empirical research methods, the use of scientific publications, data collection, the historical value of the complex was shown. The findings and records of local historians related to the complex located in the funds of the museum of the region were studied. Using the historical and comparative method, the ways of using the Taldysai complex as a museum and tourist object available in the world practice were considered.

Keywords: complex, archeology, tourism, museum, monument.

For citation: *Sembinova L.A.* The use of the monuments of the historical and cultural complex Taldysay in the museum direction // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5), p.p. 112-121. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.12

Ұлы Дала белдеуінің тарихында, халқымыздың дүниетанымында Ұлытаудың қасиетті орны ерекше. Әлкей Марғұланның сөзімен айтқанда «Ұлытау – халқымыздың ел болып қалыптасуына, бірлік-тірлігіне дiңгек болған, иісі қазақтың айналып соғар түп қазығындай қасиетті мекен» [Байпақов, Таймағамбетов, 2009]. Ұлытау өңірі – мазар, оба, қалашықтар мен тасқа бедерленген суреттер галереясы өз кезегінде аспан асты экспонаттарына айналған нағыз тарихи музей.

Ұлытау облысында орналасқан Талдысай мәдени-археологиялық кешені нағыз ашық аспан астындағы музей, тек сақтап, тарихи-мәдени және табиғи туризм нысаны ретінде қолдануды қажет етеді.

Талдысай елді мекенін Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдары Ә.Х. Марғұлан, Ж.Қ. Құрманқұлов, А.С. Ермолаева, О.А. Артюхова, Ж.Е. Смаиловтың әр кезеңде жүргізген зерттеу жұмыстары көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі кезеңді қамтитын ескерткіштер мекені екенін ғылыми түрде дәлелдеді. Өңірдің көшпелілер елі ғана емес, сонымен қатар отырықшы және қала мәдениеті орталықтарының бірі болғанын дәлелдеп берді.

Ежелгі дәуірден бастап адам қоныстануға жайлы Талдысай – Ұлытаудың қасиетті жерлерінің бірі. Оған дәлел – 4-5 шақырым радиуста орналасқан Еуразия даласының бүкіл ескерткіштері өзіндік мерзімдік және мәдени өмір қалпында берілген әр кезеңнің оннан астам ескерткіштері мен тарихи орындары. Бұндай жерлер қай уақытта болмасын даланы мекендеген тайпалардың тіршілік орыны ретінде кездейсоқ таңдалмайтыны белгілі. Талдысайда тарихқа дейінгі кезең және этнографиялық қазіргі заманға тән тарихи ескерткіштер бар. Оның кереметтігі сол бірнеше мәдениеттің аумағы ретінде біртіндеп

мыңжылдықта қалыптасқан тарихи құбылыс болуында. Ол – дала өмірінің көне заманнан қазіргі кезеңнен толық көрініс бере алатын нысан.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында Талдысай елді мекенінде зерттелген археологиялық ескерткіштер – Талдысай қола дәуір металлургия қонысы, Тоқтауыл және Үлкен Жезді тас ғасыр ескерткіштері, Басқамыр қалашығы. Талдысай өңірін зерттеген археолог ғалымдар тұжырымы: «Талдысай археологиялық кешені іс жүзінде адамзат тарихи кезеңдерінің барлық уақытынан көрініс беретін археологиялық ескерткіштердің толық түрлері шоғырланған: тас дәуір тұрақтары мен орындары, ежелгі өндірістердің іздері, қола дәуір металлургия қонысы мен қорымы, ерте көшпелілер ескерткіші сақ дәуірінің «мұртты» обасы, ортағасырлық Басқамыр қалашығы, қарауыл оба, XVII–XIX ғасырлар қазақ зираттары, суару жүйелерінің қалдықтары, көне және ортағасырлық кезеңде қолданыста болған белгісі бар үңгір және кеңес уақытында малшылар ауылы болған, қазіргі кезеңде адамдар өмір сүріп жатқан елді мекен» [Артюхова, Курманкулов и др. 2013: 5].

Талдысай елді мекені Ұлытау облысының Жезді мен Талдысай (Бала Жезді) өзендерінің қосылуында, қазіргі Жезқазғаннан солтүстік-батысқа қарай 83 шақырым, Жезқазған – Ұлытау – Арқалық – Астана трассасы бойында, Жезді өзені бойының сол жақ жағалауында орналасқан, координаттары: 48°12'52" с.е. пен 67°01'22" ш.б.

Талдысай кешені ескерткіштерінің ашылуының басында Әлкей Марғұланның далалық ізденістері тұрса, ал өңірге байланысты жазбаларында Басқамыр қаласы, оның төңірегіндегі орындар ғылыми айналымға енуі нәтижесінде Жезді бойындағы көптеген жәдігерлердің ашылуына себеп болды [Бейсенов, 2012: 6-7].

Талдысай қола дәуір металлургия қонысы. Қазіргі уақытта Ұлытау-Жезқазған – ірі тау-кен металлургиялық орталығы болғандығы жөніндегі деректер археологиялық тұрғыда дәлелденіп отыр. Сарыарқаның Жезқазған-Ұлытау өңірінің кенді орындары XX ғ. 30 жылдарында ғалымдар Қ.И. Сатбаев [Сатбаев, 1941], М.Т. Русаков, И.С. Яговкин, Н.В. Валукинский зерттей бастады. Одан әрігі ежелгі металлургиялық ықшамаудандарды табу негізін А.Х. Марғұлан жасады [Марғұлан, 1972].

Ал қазіргі таңда осы Жезқазған-Ұлытау өңірінің қола дәуір тау-кен металлургиялық өндіріс орындарын Ж.К. Құрманқұлов, А.С. Ермолаева, Д. Байтілеу жетекшілігінде зерттелуде [Құрманқұлов, Ермолаева, 2012: 106–108]. Зерттеулер барысында қола дәуірі кезеңінде бұл өңірді андрондық, беғазы-дандыбай мәдениетіне жататын тайпалар мекендегені белгілі болды.

Талдысай қола дәуір қонысы Ұлытау-Жезқазған жерінде қола дәуіріне жататын, әзірге жақсы сақталып қалған бірден-бір ескерткіш. Оның Ұлытау-Жезқазған өңірінің, қазіргі кен өндіру кезінде, негізгі кенді орындарынан алшақта, оңтүстік пен терістік тайпаларының Сарысу, Жезді бойындағы үлкен жолдың ортасында орналасуы қоныстың қирауынан аман алып қалды [Курманкулов, Ермолаева, Бонора, 2007: 186–189]. Зерттеу жұмыстарына әр жылдары шет ел археологтары – Италияның Шығыс және Африка елдерінің археологиялық ғылыми Орталығының мамандары, Қытай, Канада, АҚШ ғалымдары қызығушылық тудырды.

Ғалымдар бұл жерді алғаш мекендеген тайпалар б.з.д. II-мыңжылдықтың орта кезі мен I мыңжылдықтың бірінші жартысында қоныс тепкен деп тұжырым жасаған. Бүгінгі күнде Талдысай тұрақтарынан қола дәуіріне қатысты тұрмыстық заттар, еңбек құралдары көптеп табылды. Осы қоныстың құндылығы – Қазақстанның басқа жерінде кездеспейтін, конструкциясы бөлек бірнеше мыс балқыту пеш орындарының кездесуі. Бұл пештер негізінен мыс рудасын күйдіріп, жартылай қорытуға арналған. Шұңқыр-пештердің күрделі құрылысы олардың жоғары деңгейдегі өнімділігін паш етеді [Курманкулов, 2011: 106-108]. Осы екі кезең барысында Талдысайда тіршілік үзілмей, металлургия өндірісі пәрменді дамып тұрған.

Талдысай қонысынан табылған мыс балқыту пештерінің тәжірибелік көшірмесін жасап, жұмыс барысының толық бір циклы жүргізілді. Бұл міндетті қола дәуір кезеңі

маманы А.С. Ермолаева бастаған Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі және Ресей ғылым академиясы Челябинск ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, зертхана меңгерушісі И.А. Русанов жүргізді. И.А. Русанов Талдысай конструкциясындай сақталып қалған қола дәуір қонысы әлі жоқтың қасы екенін, тіпті салыстыратындай ұқсастығы бар ескерткішті атай алмайтынын атап өтті. Талдысай қонысы бүкіл бір толық байыту фабрикасы. Олар өндіру және өңдеудің аса күрделі технологиясын қажет ететін сульфид кенін өндірген. Сондай-ақ, бұл жерде ерекше өзіне ғана тән үрлеуіш(көрік) жүйесі бар. Бұндай кенді балқытуға арналған құдықтар дүние жүзінде басқа жерлерінде жоқ екенін ғалымдар атап өтті [Русанов, Ермолаева, 2011: 321-327]. Тағы бір ерекшелігі И.Русанов жергілікті ғалымдардың айтуымен отын ретінде қи қолдану арқылы мыс қорытуға қажетті температураны алуға болатынын дәлелдеп берді.

Тас ғасыры ескерткіштері. Талдысай тас ғасырын арнайы зерттеу Ж.К. Құрманқұлов және О.А. Артюхова жетекшілігімен жүргізілді [Артюхова, Курманқұлов и др. 2002:13-19]. 2001 жылдан бергі барлау қорытындысы бойынша Талдысайда кейінгі палеолиттен энеолитке дейінгі уақытты қамтитын 11 тас дәуір ескерткіштері табылды: Тоқтауыл тұрағы, Үлкен Жезді (Талдысай-II), Талдысай-III, Аяқбұлақ, Сарыбұлақ-I-III, Талдыбұлақ-I-III, Тасбұлақ. Бұл нысандардан 14,5 % еңбек құралдары: қырғыш, кескіш, пластиналар, бифастық жебе ұштары және т.б. заттар табылды. Барлығы бұлақ-өзен бойында орналасқан, бұл Сарыарқаға тән құбылыс. Аймақтағы ең маңызды ескерткіш – тас кезеңінің стратификацияланған жалғыз тұрақ – Тоқтауыл [Артюхова, Мамиров, 2017: 25-31]. Ескерткіштің маңыздылығы сол, бұл жерде Сарыарқа жеріндегі алғашқы қауымдық тұрғындардың палеолит дәуірінің соңынан бастап мезолит, неолит, энеолит, қола дәуірі және қазіргі уақытқа дейінгі жеткен аңшылық және тұрмыстық белгілері кездеседі.

Үлкен Жезді (Талдысай - II) тұрағынан 2002 жылы бизонның тасқа айналған бас сүйегі табылды. Ғалымдардың айтуынша, бизон бейнесі бұдан бұрын тек тасқа қашалып жасалған суреттерде ғана кездесетін.

Ерте темір дәуірі жерлеу орындары – сақ дәуірі «мұртты» обасы. Қола дәуір қорымдарынан оңтүстік-шығысында орналасқан ескерткіш. 1992 жылы Ж.Е. Смаилов зерттеу барысында сақтардың ат-әбзелдерінің белгілі бір салттық әрекеттерге байланысты ежелгі адамдар қалдырған диаметрі 8,5-9 м болатын қоршау ортасындағы көне қабаттан үйілген ат-әбзелдерінің қола заттары табылды: айылбас тоға және архаикалық түрдегі екі буынды [Бейсенов, 2002: 208-212].

Талдысай шатқалындағы үңгір. Талдысайдағы қызықты және тартымды нысан – үңгір. Шамасы ол табиғи жолмен пайда болған, бірақ кейінірек ол кеңейтіліп өзгеріске ұшыраған және өмірге қолайлы етіліп бейімделінген. Үңгірдің діни ғибадат ету орыны болуы да ықтимал. Ол жергілікті тұрғындардың жаудан қорғану орны ретінде қызмет етуі мүмкін деген жорамал да бар. Үңгірдің өлшемдері: негізгі бөлменің ұзындығы шамамен – 20 м, ені – 15 м, биіктігі – 1-1,5 м құрайды [Смаилов, 1993]. Бұл нысандардан үңгірдің кіреберісі көрінбейді, ал үңгірден бүкіл Талдысай аңғары айқын көрінеді. Осыдан үңгірдің жаудың шапқыншылығы кезінде бейбіт тұрғындар үшін пана-баспана бола алғаны шындыққа келеді. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша кеңес үкіметі тұсында үңгірге салт атты адам оңай кіре алған. Сақталып қалған тереңдігі – 12 м. Үңгір қос тармақталынған: оң және сол жақ бөліктерден тұрады. Оң жақтағы бөлігінің кіре берісінде қабырғадағы білікке таңбаланған таңба белгілері, біреуі крест тәрізді, екіншісі – антропоморфтық белгі қашалып салынған. Ежелгі заманда үңгірді төбе бөктеріндегі тау жыныстарының массивін тесіп жасалғанға ұқсайды. Б.Ж. Әубекеров карстық үңгір деген қорытынды жасап, геологиялық тұрғыдан үңгірдің жасын кейінгі неоплейстоцен-голоцен, яғни төрттік кезеңнің екінші жартысына жатқызды [Артюхова, 2007: 23-36.]. Үңгір тас дәуірі тұрағына, қола дәуір қонысына, ортағасырлық қалашыққа жақын орналасуы ғылыми және ағартушылық туризмге қызығушылық тудырады.

Басқамыр қалашығы (X-XI ғ.ғ.). археолог Ж. Смаилов кең ауқымды зерттеу жұмысын жүргізген ескерткіш Сарыарқаның белгілі ортағасырлық қалашықтарының бірі болып табылады [Смаилов, 1997]. Оның бекініс қабырғаларының анық сызба-жоспарымен, ішкі ауласының геометриялық дәлдігімен, бұрыштарындағы күзет мұнараларымен Басқамыр қалашығын Қазақстанның айқын қалалық сәулеттік құрылысы бар оңтүстік қалаларымен қатарға қоюға болады. Мыстан құйылған (ұзындығы 10 см) «ескек» тәрізді құлақ шұқығыш, темір пышақтар, жебе ұштары, қорамса ілгіш және тас, ағаш, қыш және металдан (темір, мыс, қола) жасалған бұйымдар көп табылды.

Қарауыл оба. Талдысай елді мекенінің шығысында, биік қырат үстінде төрт бұрышты тастан қаланған, биіктігі 3 метр, ені 5 метрге жуық қарауыл обасы (мұнарасы) бар. Ол Талдысайдағы әскери өнердің элементі. Бұл қарауыл обасы Басқамыр қаласымен мерзімдес болғанымен кейіннен де қолданыста болған. Бұндай құрылыстар Еуразия даласында XX ғасырға дейін маңызын жоя қоймады. Басқамыр қалашығы маңындағы XVII-XIX ғасырлар еншілігіндегі қазақ зираттары мекенді қысы-жазы үзбей ел қоныстанғандығын айғақтайды.

Талдысайдың археологиялық территориясын туристік пайдалануға арналған басқару жоспары (әдістемелік нұсқаулар). Жоспардың бастамасындағы ереже: археологиялық аумақтың мұрасын қазіргі заманғы мәдениет менеджменті жүйесіне, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму процесіне қосу. Археологиялық мұраны мәдени және табиғи мұраны басқарудың аймақтық кешендік бағдарламасының бөлігі ретінде қарастыру қажет. Бұл оны тар мамандандырылған емес, кең қоғамдық контекстте пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мұра тек қана материалдық құралдарды тұтынушы ретінде ғана емес (мысалы: ескерткіштерді консервациялау, қорғау іс-шараларымен айналысатын қызметкерлерді қамтамасыз ету және т.б.), содай-ақ болашақта пайда нысанына туризм, білім беру жүйесінің әр түрлі түрлері) және жаңа жұмыс орындарына айналады.

Менеджмент-жоспар: Талдысайдың бірегей археологиялық аумағының мәдени және табиғи мұраларын сақтау және пайдалану; біртұтас музей, табиғатты қорғау, әлеуметтік-мәдени, туристік және шаруашылық кешенді құру; жергілікті халықтың экономикалық және шаруашылық мүдделерін қолдау.

Әр ескерткішке дейін баратын арнайы жолдардың салынуы негізінде туристерге ұсынылатын *негізгі бағыт-маршрут* (сур. 1): 1. Талдысай тас дәуір ескерткіштері. 2. Қола дәуір металлургтер қонысы. 3. Қола дәуір қорымы. 4. Ерте темір дәуірі жерлеу орындары. «Мұртты» оба. 5. Ортағасырлық Басқамыр қалашығы және XVII – XX ғасырлар қазақ зираттары. 6. Қарауыл оба. 7. Талдысай шатқалындағы үңгір.

Талдысай тарихи-мәдени кешені ескерткіштерін *сақтау және пайдалану үшін төмендегідей жұмыстарды іске асыруға болады:* Талдысай тарихи-мәдени кешенді заман талабына пайдалануға байланысты шаралар әзірлеу, жүйелі іс-шаралар жүргізу; ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктерін ескере отырып Талдысай ескерткіштеріне арналған экспозиция құру; металл балқыту және өндіруге қатысты артефактілерді көрсету; түрлі тұрмыстық заттар мен қондырғыларды өндіру; қола дәуірінің жылу техникалық құрылыстарының макетін жасау: балқытуға арналған ыдыс және пеш; дала Еуразия халықтарының мәдениетіндегі ұстаның салттық бейнесін ұсыну; кешен ескерткіштерін туризмді дамыту үшін белсенді пайдалану, оларды туризм инфрақұрылымының маңызды бір бөлігі ретінде қарастыру; тарихи-мәдени мұраны халыққа кеңінен тарату мақсатында қоғамдық білім және бұқаралық ақпарат салаларымен тығыз жұмыс жасау; өңірдің бай тарихи-мәдени, археологиялық мұрасын халықаралық деңгейде насихаттау; кешен тұрмысын өз дәуірінің рухына сай көрсету; тарихи қалпына келтіру көрінісін эксперименталды, экспозициялық ашық павильон ретінде жасау; жарнамалық кәдесыйлар дайындау (турөнім).

Осы жұмыстарды атқару барысында қол жетімді болатын *нәтижелер*: Ұлытау облысы деңгейінде: 1) жергілікті тұрғындардың мәдени-ағартушылық демалыстарын қамтамасыз ету; жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселелерін шешу; туристерді тарту; жұмыс орындарын құру, жергілікті бюджетті толықтыру; өңірдегі дәстүрлі қолөнерді сақтау. 2) Жезқазған-Ұлытау өңірлік деңгейде: қазіргі заманғы музей – мәдени кешені саласында білім беру; аймақтық кең ауқымды қызметті қалпына келтіру (реставрациялық) орталығы; аймақтық ақпараттық-туристік орталық; жұмыс орындарын құру, өңірлік бюджетті толықтыру. 3) Республика деңгейінде: тарихи және табиғи ескерткіштерді сақтау, пайдалану; Ұлытау өлкесі мұрасын Қазақстанның мәдени кеңістігінде көрсету; ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің тиімді жұмысы; археология және сәулет ескерткіштерін, дәстүрлі мәдениет объектілерін, тарихи өнеркәсіптік ландшафтарды сақтауды қамтамасыз ету; қазіргі заманғы музей – көрме кешенінің жұмыс істеуі.

Тұтыншылар – жол бойымен өтетін саяхатшылар, сондай-ақ Ұлытау облысына, өңіріне келетін туристер болып табылады.

Кешенді пайдалану аясындағы болжамды бағыттары (маршруттар): 1. Талдысай тас дәуір ескерткіштері. 2. Қола дәуір металлургия қонысы. 3. Қола дәуір және ерте темір дәуірі жерлеу орындары. 4. Талдысай шатқалындағы үңгір. 5. Ортағасырлық Басқамыр қалашығы және XVII – XX ғасырлардағы қазақ зираттары. 6. Қарауыл оба.

Талдысай құндылықтарымен кеңінен танысуы үшін келушілерге толық таныстыру ақпараттық деректермен жабдықталған, материалдарымен қамтылған (анықтамалық стенд, экспонаттар көшірмелері, ақпараттық таратылымдар, т.б.) туристерге арналған 30-50 адам демалдауға қажетті 3-4 бөлмелі орталықтың шағын үйін салу, онда туристер демалатын қажеттері және шағын кафелік құрылысын жоспарлау, мобилдік байланыс орнату, су айдау ұңғымасы (скважина) орналастыру бар ашық аспан астындағы музей құру.

Талдысай ескерткіштерін сақтаудың басында – бұл көктемгі су тасқыны нәтижесінде шйып кететін өндірістік алаңдар орналасқан жағалауларды бекіту. Бүгінгі таңда қоныстың қорғау қазбалары осы бірегей металлургия орталығы мен қола құю туралы ақпаратты сақтаудың жалғыз жолы болып табылады.

Талдысайдың археологиялық аумағындағы мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану *әдістері мен түрлері*.

1. Білім беру және туристік мақсаттарға мәдениет ландшафты толық көлемде пайдалануға мүмкіндік беретін Талдысайдың археологиялық аумағының және ескерткіштердің кадастрын жасау.

2. Талдысай тас дәуірі орындарының және қорымдарының қазылған бөлігін сақтау; ашылмаған топырақ қабатын бекіту, ашық аймақтарды рекультивациялау.

3. Мәдени ландшафтың бейнесін қалпына келтіру: қарауыл обасы мен үңгірді. Табиғи ландшафты сақтау бойынша шаралар: топырақ пен шөп жамылғысын қалпына келтіру.

4. Археологиялық аумақта музей қызметін ұйымдастыру. Талдысай елді мекені көктемгі суымен тұрақты шайылуына байланысты оның музеефикациялау мүмкін емес. Сондықтан, оның базасында «Талдысай археологиялық кешені» дербес музейін құру. Оның экспозициясының мәні – қоныстың аумағының жойылуына байланысты оның өндіріс алаңы көрсетілген реконструкциясының масштабтық үлгісін жасау. Сондай-ақ, мыс балқыту пештері түрінде музейлік форманы пайдалануға болады.

5. «Талдысай: адам, металл, уақыт» көрме экспозициясын қою.

6. Ұлытау облысы музейлерінде көрмелерге арналған археологиялық материалдар мен олардың көшірмелерін қою.

7. Жезқазған қаласы оқу орындарының базасында (мамандықтар, дәрістер курстары, дипломдық жұмыстар және т.б.) жергілікті жердің ерекшеліктерін және тарихи мұраның ұлттық дәстүрлерін зерделеуге бағытталған ғылыми-білім беру кешенін қалыптастыру және дамыту.

8. Талдысай археологиялық аумағының мәдени мұрасы туралы кәдесыйлық кітапшалар мен басқа да басылымдарды шығару арқылы келушілерді тарту.

Әлеуметтік-экономикалық әсер: Талдысай елді мекені тұрғындарының табыс алуға мүмкіндік беретін жұмыс көзі және халықтың сапалы туристік қызметке деген сұранысын қанағаттандырады.

Талдысай археологиялық кешенін сақтау, пайдалану, туристік инфрақұрылымды дамыту жергілікті тұрғындарды қолөнершілік істерге ынталандырады және қызмет көрсету саласын дамыту арқылы өңір тұрғындарының жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің мәліметтеріне сәйкес, жыл сайын Талдысай елді мекені арқылы Ұлытауға 39 мыңнан астам туристер келетінін ескерсек, Талдысай кешені мәдени-тарихи туризм аймақтық дамудың басты турсурсы бола алады, өйткені оның туристерді саяхаттауға шабыттандыратын өте маңызды сипаттамалары жеткілікті. Сондай-ақ Талдысай кешенін келушілер өзі таңдаған тарих кезеңінде өмір сүретіндей жағдай жасалынатын «тарих кезеңінде өмір сүру уақыт машинасы» ретінде пайдалану қажет.



Сурет 1. Талдысай кешені панорамасы

ӘДЕБИЕТ

Артюхова О.А., Мамиров Т.Б. Каменный век Улытау в исследованиях ЦКАЭ в 2001–2012 годах // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сборник научных статей, посвященный 70-летию организации ЦКАЭ АН РК. Алматы, 2017. Т. 2. 376 с.

Артюхова О.А., Курманкулов Ж.К., и др. Талдысайский микрорайон эволюции каменных индустрии голоцена / Археологические исследования в Казахстане. Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения-14». Шымкент-Алматы, 2002. 260 с.

Артюхова О.А., Курманкулов Ж.К. и др. Комплекс памятников в урочище Талдысай. Алматы, 2013. Т. I. 399 с.

Артюхова О.А., Бирмуханова А.У., Мамиров Т.Б., Майгельдинов К.У. Каменный век Талдысайского микрорайона // Историко-культурное наследие Сарыарки. Караганда, 2007. 214 с.

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. Оқу құрал. Алматы: 2009. 570 б.

Бейсенов А.З. К изучению памятников раннего этапа сакской культуры Центрального Казахстана // Древнейшие общности земледельцев и скотоводов Северного Причерноморья (V тыс. до н.э. - V в. н.э.): доклады междунар. науч. конф. Тирасполь, 2002. 420 с.

Курманкулов Ж., Ермолаева А.С., Бонора Ж.- Л., Джардино К., Калиева Ж.С., Искаков А. Отчет о работах на поселении металлургов эпохи бронзы Талдысай в 2006 г. // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2006 г. Алматы, 2007. С. 186-189.

Курманкулов Ж., Ермолаева А.С., Ержанова А.Е., Сембинова Л. Археологические раскопки на поселении Талдысай в 2010 г. // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2010 г. Алматы, 2011. С. 106-108.

Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972. 216 с.

Русанов И.А., Ермолаева А.С. Металлургия меди на поселении эпохи бронзы Талдысай (реконструкция древнего производства) // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы. Т. 1. Алматы: Институт археологии им. К.Х. Маргулана, 2011. 428 с.

Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе Карагандинского бассейна // Народное хозяйство Казахстана. 1941

Смаилов Ж.Е. Отчет о работах жезказганского хоздоговорного отряда Казахстанской новостроенной археологической экспедиции в 1992 г. Талдысай, пещера. Алматы, 1993 г.

Смаилов Ж.Е. Памятники археологии Западной Сарыарки (Средневековые городища и поселения). Балхаш: ЖезУ, 1997. 63 с.

REFERENCES

Artyukhova O. A., Mamirov T. B. The Stone Age of Ulytau in the research of the CCAE in 2001-2012 // The archaeological heritage of Central Kazakhstan: study and preservation. A collection of scientific articles dedicated to the 70th anniversary of the organization of the CCAE of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Almaty, 2017. Vol. 2, 376 p. (In Russian)

Artyukhova O. A., Kurmankulov J. K., and others. Taldysai microdistrict of the evolution of Holocene stone industries / Archaeological research in Kazakhstan. The Tru of the scientific and practical conference «Margulan readings-14». Shymkent-Almaty, 2002, 260 p. (In Russian)

Artyukhova O. A., Kurmankulov J. K. and others. Kompleks pamyatnikov v urochishche Taldysaj. Almaty, 2013, Vol. I. 399 p. (In Russian)

Artyukhova O. A., Birmukhanova A. U., Mamirov T. B., Maigeldinov K. U. Stone Age of Taldysai microdistrict // Historical and cultural heritage of Saryarka. Karaganda, 2007, 214 p. (In Russian)

Baipakov K.M., Taymagambetov J.K. Archeology of Kazakhstan. A study guide. Almaty: 2009. 570 p. (In Russian)

Beisenov A.Z. To the study of the memory of the first stage of the Saka culture of Central Kazakhstan // The oldest communities of lands and cattle breeders of the Northern Black Sea region (V thousand BC - V century AD): reports of international sciences. conf. Tiraspol, 2002. 420 p. (In Russian)

Kurmankulov Zh., Ermolaeva A. S., Bonora Zh. - L., Giardino K., Kalieva Zh. S., Iskaikov A. Report on work at the settlement of metallurgists of the Bronze Age Taldysai in 2006/ / Report on archaeological research under the state program «Cultural Heritage» in 2006. Almaty, 2007, pp. 186-189. (In Russian)

Kurmankulov Zh., Ermolaeva A. Srzhanova A. E., Sembinova L. Archaeological excavations at the Taldysai settlement in 2010/ / Report on archaeological research under the state program «Cultural Heritage» in 2010. Almaty, 2011, pp. 106-108. (In Russian)

Margulan A. H. Mining in Central Kazakhstan in the ancient and Middle Ages // Searches and excavations in Kazakhstan. Alma-Ata, 1972. 246 p. (In Russian)

Rusanov I. A., Ermolaeva A. S. Metallurgy of copper at the settlement of the bronze epic Taldysai (reconstruction of the oldest production) // Archeology of Kazakhstan in the epochs of independence: results, prospects. Vol. 1. Almaty: K. H. Margulan Institute of Archaeology, 2011, 428 p. (In Russian)

Satpayev K.I. Prehistoric monuments in the Dzhezkazgan district of the Karaganda basin // The national economy of Kazakhstan. 1941. (In Russian)

Smailov J.E. Report on the work of the Zhezkazgan contractual detachment of the Kazakh newly built archaeological expedition in 1992. Almaty, 1993. (In Russian)

Smailov J.E. Archaeological sites of Western Saryarka (middle towns and villages). Balkhash: Zhezu, 1997. 63 p. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Сембинова Ләззат Әбілқасымқызы – «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері (101500, Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі 14). E-mail: sembinova_1@mail.ru

Сведения об авторе: Сембинова Лаззат Абилкасимовна – научный сотрудник РГКП «Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник «Улытау» (101500, область Улытау, село «Улытау», улица Булқышева 14). E-mail: sembinova_1@mail.ru

Information about the author: Lazzat A. Sembinova – researcher at the RSE «National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve «Ulytau» (101500, Ulytau, Bulkysheva Street 14). E-mail: sembinova_1@mail.ru